

Эскиздік жобалар мониторингін электрондық тіркеу модуліне тіркелу жөніндегі нұсқаулық.

1. Эскиздік жобалар мониторингін электрондық тіркеу модулінің сайтына кіріңіз: <https://project.saulet.astana.kz>.



Егер сіздің браузеріңізге Қазақстан Республикасының Ұлттық Куәландырушы Орталығының (ҚР ҰКО) негізгі сертификаттары браузерлерге арналған сертификаттар сақтайтын орынға импортталмаса, онда басты беттегі модуль сізге қателікті көрсетеді: **Осы веб-сайттың қауіпсіздік сертификатымен мәселе туындады.**
Егер ҚР ҰКО негізгі сертификаттары сіздің браузерге импортталса осы нұсқаулықтың 3-тармағына өтіңіз

2. ҚР ҰКО негізгі сертификаттары.

ҚР ҰКО негізгі сертификаттарын Mozilla Firefox браузеріне импорттау:

a) ҰКО сертификатын (RSA) импорттау.

- Браузердің жолына ҰКО негізгі сертификатына (RSA) сілтемені көшіріп алу: http://root.gov.kz/root_cer/pki_rsa.crt.
- Пайда болған Сертификатты жүктеу терезесінде веб-сайттарды сәйкестендіру кезінде Сену дегенге, электрондық поштаны пайдаланушыларды сәйкестендіру кезінде Сену дегенге, бағдарламалық қамтымды өндірушілерді сәйкестендіру кезінде Сену дегенге қанатбелгіні қойып, «ОК» батырмасын басу қажет.
- Сертификатты қолданысқа енгізу үшін браузерді қайта қосу қажет.

b) ҰКО сертификатын (GOST) импорттау.

- ҰКО сертификатын (GOST) импорттау ҰКО сертификатын (RSA) импорттауға ұқсас, ҰКО сертификатына (GOST) сілтеме: http://root.gov.kz/root_cer/pki_gost.crt.

ҚР ҰКО негізгі сертификаттарын Internet Explorer браузеріне импорттау:

a) ҰКО сертификатын (RSA) импорттау.

- Браузердің жолына ҰКО негізгі сертификатына (RSA) сілтемені көшіріп алу http://root.gov.kz/root_cer/pki_rsa.crt.
- Пайда болған терезедегі pki_rsa.cer из root.gov.kz? деген сұраққа «Ашу» деген батырманы басу.
- Файл қауіпсіз болмауы мүмкін деген ескерту шыққан келесі терезеде «Ашу» батырмасын басу.
- Ашылған «Сертификат» терезесінде ашық сертификат туралы мәліметтер көрсетілген, «Сертификатты орнату» батырмасын басу.
- Ашылған «Сертификаттарды импорттау шебері» терезесінде Қазіргі пайдаланушы дегенге сілтеуішті қойып, «Әрі қарай» батырмасын басу.
- Ашылған «Сертификаттарды импорттау шебері» терезесінде сілтеуішті Барлық сертификаттарды келесі сақтау орнына орналастыру дегенге қойып, «Шолу» батырмасын басу.
- «Сертификаттар сақтайтын орынды таңдау» терезесінде Нақты сақтау орындарын көрсету дегенге қанатбелгіні қойып, тізімнен Сенімді негізгі сертификаттау орталықтарын таңдау. Тізімді ашып, Тізілім дегенді таңдап, «ОК» батырмасын басу қажет, терезе жабылады.
- «Сертификаттарды импорттау шебері» терезесінде «Әрі қарай» батырмасын басу. Келесі терезеде «Дайын» батырмасын басу.
- Ашылған Жүйенің қауіпсіздігін ескерту терезесінде «Ия» батырмасын басу. Сертификаттардың сәтті импортталғаны туралы хабарламаны көреміз.

b) ҰКО сертификатын (GOST) импорттау.

- ҰКО сертификатын (GOST) импорттау ҰКО сертификатын (RSA) импорттауға ұқсас, ҰКО сертификатына (GOST) сілтеме: http://root.gov.kz/root_cer/pki_gost.crt.

ҚР ҰҚО негізгі сертификаттарын Google Chrome браузеріне импорттау:

ҚР ҰҚО сертификаттарын Google Chrome браузеріне импорттау Internet Explorer браузеріне импорттауға ұқсас.



Егер сіздің браузеріңізге ЭЦҚ кілті импортталмаса, онда басты беттегі модуль 400 қателігін және мынадай хабарламаны көрсетеді: Жүйеге кіру үшін сертификатты көрсету қажет! Егер сертификат орнатылмаса, оны браузерге импорттау қажет, одан кейін браузерді жауып, қайта ашу керек
Егер ЭЦҚ кілті сіздің браузеріңізге импортталса, осы нұсқаулықтың 4-тармағына өтіңіз.

3. 1-қадам: ЭЦҚ сертификаты.

Егер сіздің браузеріңізге ЭЦҚ кілті импортталмаса, онда келесі іс-қимылды орындау қажет:

ЭЦҚ кілтін Mozilla Firefox браузеріне импорттау:

- браузердің меню жолында «Құралдар таңдау →Күйіне келтіру →Қосымша→Сертификаттар → «Сертификаттарды қарап шығу» батырмасын басу;
- Сіздің сертификаттарыңыз қосымша бетінде →«Импорттау» батырмасын басамыз →кілтті таңдаймыз→кілтсөзді енгіземіз.
- Сәтті импортталған жағдайда жүйеден растайтын хабарлама шығады.

ЭЦҚ кілтін Internet Explorer браузеріне импорттау (браузердің нұсқасы 8-нұсқадан төмен болмауы тиіс):

- браузердің меню жолында «Сервис →Шолушының қасиеттері →Мазмұнын таңдаймыз→«Сертификаттар» батырмасы →Жеке → «Импорт» батырмасын басамыз;
- Сертификаттарды импорттау шебері шығады →«Әрі қарай» батырмасын басамыз – кілтті импорттаймыз– кілтсөз енгіземіз;
- «Сертификаттарды сақтау орнында» шолуды басамыз → «Нақты сақтайтын орындар» жолына қанатбелгі қоямыз→ «Жеке-Тізілім» папкасын таңдаймыз → «ОК» басамыз→ «Әрі қарай» → «Дайын».
- Сәтті импортталған жағдайда жүйеден растайтын хабарлама шығады.

ЭЦҚ кілтін Google Chrome браузеріне импорттау:

- сертификатты Internet Explorer браузеріне орнату және ол әдепкідей екі браузерге де тіркеледі. Не «Күйіне келтіру →Қосымша күйге келтіруді көрсету →Сертификаттарды күйіне келтіру→Жеке дегенді басу→«Импорт» батырмасын басу →«Сертификаттарды импорттау шебері» шығады.



Модульде ЭЦҚ-мен жұмыс істеу үшін, NCALayer бағдарламасын жүктеу, орнату және іске қосу қажет. Ол үшін мына сілтемеге өтіп, ұсымшаны жүктеп алыңыз: <http://pki.gov.kz/images/NCALayer.zip>. NCALayer қосымшасын орнату жөніндегі нұсқаулықты мына сілтеме бойынша жүктеп алуға болады: http://pki.gov.kz/images/instr_rus/instr_NCALayer.pdf

4. Басты бетте Аккаунт жоқ па? Тіркеліңіз! сілтемесін басыңыз.

5. Ашылған бетте сіз жүйемен оқылған орнатылған ЭЦҚ кілтінің деректерін көресіз. Егер сіз беттегі барлық деректермен келіссеніз, онда Әрі қарай батырмасын басыңыз. Егер ЭЦҚ жарамсыз болса - жүйе бұл туралы хабарламаны көрсетеді. Модульде тіркелуді аяқтау үшін пайдаланушы қолданыстағы ЭЦҚ-ны браузерге импорттауы қажет.

6. 2-қадам. Келісім.

Пайдаланушы модульде жұмыс істеудің алдында келісіммен мұқият танысып шығуы тиіс және оның қабылдаған жағдайда **Пайдаланушы осы Келісімнің барлық тармақтарымен танысып шықты және оларды сөзсіз қабылдайтынын растайды** деген тармаққа "қанатбелгі" қояды.

Сондай-ақ тіркеу түрін таңдау қажет – пайдаланушы заңды не жеке тұлға болып табыла ма және Әрі қарай батырмасын басу қажет.

7. 3-қадам. Тіркелу.

Беттегі Аты, Тегі, Әкесінің аты, Мекен-жайы деген жолдар ЭЦҚ-дағы деректермен автоматты түрде толтырылады. Пайдаланушы Туған күні, Азаматтығы, Телефон нөмірі, Email, Кілтсөз, Кілтсөзді растауы бар деректерді толтыруы тиіс. Әрі қарай батырмасын басу.

8. 4-қадам. Жүйеге кіру.

Жүйе аккаунтты белсендіру үшін электрондық поштаны растау қажеттігі туралы хабарлама береді. Мекен-жайы тіркелу кезінде пайдаланылған электрондық поштаға кіріңіз, Эскиздік жобалар мониторингін электрондық тіркеу модулінен келіп түскен хатқа сілтемені басыңыз.

9. Сіз Эскиздік жобалар мониторингін электрондық тіркеу модуліне тіркелдіңіз. Басты бетте Логин жолына Электрондық поштаның мекен-жайын, ал Кілтсөз деген жолға өзіңіз тіркелу кезінде көрсеткен кілтсөзді енгізіңіз және Авторластыру батырмасын басыңыз.